

## Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ ЕББҚ кабинетінің меңгерушісі О.Өскенбаеваның 2025-2026 оқу жылындағы 1 жарты жылдық есебі

Үстаздар күніне арналған «ҮСТАЗ - ҰЛЫ ТҮЛГАЛАР» атты тәрбие сағаты

Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінде “Мұғалімдер күніне” орай, инклюзивті білім беру кабинетінің педагог-ассистенті Сулейменова Гулнардың ұйымдастыруымен, “Үстаз - ұлы тұлға” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: “Үстаздар күнінде” ұлы ұстаздарымыз – Әл-Фараби, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев сынды ұлттың ұлы тұлғаларын ұлықтау. Мұғалім мамандығының құрметті мамандық екендігін түсіндіру. Оқушыларды мұғалімдерін ардақтап құрметтеуге, сыйлай білуге үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу.



<https://www.instagram.com/reel/DPTemdXjduu?igsh=MUY5aXFEodXhkeJQvQ==>

Күз мерекесіне арналған «АРАЙЛЫ АЛТЫН КҮЗ» атты тәрбие сағаты

Жоспарға сәйкес Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектептің инклюзивті білім беру орталығының педагог-ассистенті Обдікәрім Үлбалаевтың ұйымдастыруымен, “Арайлы алтын күз” тақырыбында колонер сайысы өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Табиғи материалдармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Табиғи материалдарды тиімді пайдалану жолдарын үйрету. Эстетикалық талғамын қалыптастыру. Топтық және жеке жұмыс жасауға баулу.

Сайысқа белсене қатысып, өз шеберлігімен көзге түскен оқушыларымыз кабинет меңгерушісінің мақтау қағазымен және сыйлықтармен марапатталды.



<https://www.instagram.com/reel/Dp3e9DGjcqi/?igsh=MW51aG02djYwaWloZg==>

23 қазан 2025 жылы Түркістан қаласында орналасқан Б.Саттарханов атындағы спорт кешенінде балаларға арналған “Тең мүмкіндіктер” атты Облыстық инклюзиялық спорт фестивалі өткізілді. Фестиваль мақсаты: инклюзивті спорттық-мәдени іс-шараларды өткізу арқылы әлеуметтік белсенділікті, сенім мен өзара сыйластықты арттыру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен олардың дені сау құрдастары арасындағы достық байланыстарды нығайту.

Фестиваль 2 бөлімнен тұрды:

1. “Бочча” бөлімінен 3-4 сыныптар арасындағы сайыстан, 9 команданың арасынан жүлделі орынды еншіледі!
  2. Жеңіл атлетика сайысынан 5-6 сыныптар арасынан жүлделі орынды еншіледі!
- Жүлдегерлеріміз кубокпен, дипломмен және сыйлықтармен марапатталды! Оқушыларымызды шын жүректен құттықтаймыз!




<https://www.facebook.com/share/v/1BPYU8YqHU/>

Республика күніне арналған «ЕЛ БІРЛІГІ - РЕСПУБЛИКА ТІРЕГІ» атты тәрбие сағаты

Т. Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 25 қазан “Республика күніне” орай, инклюзивті білім беру кабинетінің педагог-ассистенті Рахимова Мунисаның ұйымдастыруымен, “Ел бірлігі- Республика тірегі” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының тарихы мен тәуелсіздікке жету жолы туралы түсінік беру. Отанға деген сүйіспеншілік, патриоттық сезім қалыптастыру. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, ел жетістіктерін бағалауға тәрбиелеу. Оқушылардың елін, жерін қорғауға және мақтан етуге деген ықыласын арттыру. Бірлік пен татулықтың маңызын ұғындырып, азаматтық жауапкершілікті дамыту.



<https://www.instagram.com/reel/DQHFjqGCFhz/?igsh=MTY3aTNqM3p0MWxiMA==>

## АДАЛ АЗАМАТ - ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Т. Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектептің инклюзивті білім беру орталығының ұйымдастыруымен, 30 қазан күні ерекше оқушылардың ата-аналарымен жиналыс өткізілді.

Жиналыста ЕБҚБ кабинетінің меңгерушісі педагог-ассистенттің мақсаты мен міндеттерін, І тоқсанның қорытындысын ата-аналарға баяндады.

Жиналыс мақсаты: ЕБҚБ ететін оқушылардың ата-аналарына адал азамат тәрбиелеу, баланың даму ерекшеліктерін түсіндіру, мектеп пен ата-ананың ынтымақтастығын арттыру, инклюзивті білім берудегі бірлескен қолдаудың маңыздылығын түсіндіру.



<https://www.facebook.com/share/v/1BNp4A5IIJq/>

## ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА-ТӨЛ ТЕҢГЕ

Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 15 қараша “Валюта күніне” орай, инклюзивті білім беру кабинетінің педагог-ассистенті Абдуллаева Айнұрдың ұйымдастыруымен, “Ұлттық валюта-төл теңге” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі – теңгемен тереңірек таныстыру, өзге мемлекеттің валюталары туралы түсінік беру. Үнемділікке, барды қадірлеуге баулу, ақпараттық жүйелерді пайдалануды үйрету, тілді құрметтеуге баулу. Өз Отанына мақтанш сезімін ояту.



<https://www.facebook.com/share/v/1YU5dUWMh5/>